

## Темір жолдарды сыныптау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 42 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 ақпанда № 6785 тіркелді.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Темір жолдарды сыныптау қағидасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай) белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2011 жылғы 2 ақпандағы  
№ 42 бұйрығымен бекітілген

## Темір жолдарды сыныптау қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Темір жолдарды сыныптау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленген.

2. Қағида Қазақстан Республикасының темір жолдарды сыныптау тәртібін және шарттарын белгілейді.

### 2. Темір жолдарды сыныптау

3. Темір жолдарды сыныптау келтірілген пайдалану шарттарына сәйкес белгіленеді. Темір жолдар 5 классқа бөлінеді.

Темір жол класы жүк және жолаушылар поездарының жүк қауырттылығын және қозғалыстың максималды рұқсат етілетін жылдамдықтарын үйлестіру осы Қағиданың 1-қосымшаға сәйкес анықталады.

Жүк қауырттылығы бойынша жол 5 топқа, ал рұқсат етілген жылдамдықтар бойынша - 7 санатқа бөлінеді, олар тиісінше әріптермен және цифрлармен белгіленеді.

Жол кластарының белгілемесі жол топтары мен санаттары белгілемелерінің үйлесімі болып табылады әрі цифрлармен және әріптермен белгіленеді.

4. Темір жолдарына кластарды Ұлттық инфрақұрылым операторы береді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2017 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

5. Тиісті кластағы темір жолдың үзіліссіз ұзындығы қисықтық кіші радиусының аздығынан, жолдың және жасанды құрылыстардың техникалық жай-күйінің қанағаттанарлық емес немесе басқа себептерден поездар қозғалысының белгіленген жылдамдығы кемітілген жекелеген километрлерді және орындарды есепке алмағанда, жүк қаурттылығы барлық ұзақтығында бірдей болатын және жолаушылар поездарының (жүк поездарының, егер поездар қозғалысының графигінде жолаушылар поезы болмаса немесе олардың белгіленген жылдамдықтары бірдей болса) белгіленген жылдамдықтары бірдей болатын қозғалыс учаскесі ұзындығынан кем болмауы тиіс.

6. Егер жүк қауырттылығының айырмасы 30% аспайтын болса, екі немесе одан көп темір жолды учаскелердегі темір жолдардың кластары жүк қауырттылығы үлкен темір жолдардың кластарымен бірдей болып белгіленеді. Айырма үлкен болған жағдайда темір жолдардың кластары жүк қаурттылығы мен белгіленген жылдамдықтардың нақты үйлесімі арқылы белгіленеді.

7. Поездардың сағатына 40 км және одан аса жылдамдықтармен тура өтпелі қозғалысына арналған қабылдау-жөнелту және басқа жолдар, сағатына 40 км аса жылдамдықтармен қозғалатын поездарды өткізуге арналған кірме жолдар, сондай-ақ қауіпті жүгі бар жылжымалы құрамды өткізуге арналған арнайы жолдар 4-класқа жатады, қалған станциялық, сұрыптау және кірме жолдар 5-класқа жатады.

8. Темір жолдар кластарының өзгеруі техника-экономикалық негіздемемен расталады.

9. Темір жолдың класын анықтайтын жүк қауырттылығы мен поездар қозғалысының белгіленген жылдамдықтары бар әрбір учаске үшін жолды күшейтілген күрделі жөндеу бойынша жол жұмыстарына нормативтік қажеттілік мына формула бойынша есептеледі:

$$I = L \Gamma / T \text{ fi} = L / N \text{ fi} \quad (1),$$

мұнда I - жол жұмыстарына нормативтік қажеттілік, километр;

T, N – тоннаж, миллион тонна брутто және жолды күшейтілген күрделі (күрделі) жөндеулер арасындағы тоннаж бен жылдар саны;

$\Gamma$  – жүк қаурттылығы, жылына 1 километрге арналған миллион тонна- километр брутто;

L – осы кластағы жол учаскесінің жайылған ұзындығы, километр;

$f_i$  – қосымша пайдалану факторларын ескеретін коэффициент (нормативтік қызмет ету мерзімдері жылдармен есептелетін жолдар үшін, оларды кеміту немесе көбейту пайыздары қолданылмайды:  $f_i = 1$ ).

Жоғарыда келтірілген шамалардың сандық мәндері жол дистанциясының техникалық паспортынан алынады.

Учаскелер бойынша әртүрлі ( $I_i$ ) жол жұмыстарының қажетті көлемі мына формула бойынша анықталады

$$I_i = I \times n_i \quad (2),$$

мұнда  $I$  – жолды күшейтілген күрделі (немесе күрделі) жөндеу бойынша жол жұмыстарына нормативтік қажеттілік;

$n_i$  – жолды күшейтілген күрделі (күрделі) жөндеулер арасындағы жұмыстың осы түрін қайталау саны.

Темір жол кластарын, жұмыстардың түрлері мен көлемдерін анықтау тізбегі мен нәтижелері 1 және 2-кестелерінде осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес шартты жол дистанциясының мысалы арқылы осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес келтірілген.

10. 650 метр және одан кем қисықтық радиусында рельстерді жаңа рельстермен ауыстыру қажеттілігі осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің  
2011 жылғы 2 ақпандағы  
№ 42 бұйрығымен бекітілген  
Темір жолдарды сыныптау қағидасына  
1-қосымша

## Темір жолдарды сыныптау

Жол тобы	Жүк қауырттылығы, км-ге млн. т-км брутто жылына	Жол категориясы – поездар қозғалысының рұқсат етілген жылдамдықтары (алымында – жолаушылар, бөлімінде - жүктік)						
		1	2	3	4	5	6	7
		121-140 80 аса	101-120 70 аса	81-100 60 аса	61-80 50 аса	41-60 40 аса	40 және одан кем	Станциялық, кірме және басқа жолдар
		Басты жолдар						
Б	50 аса	1	1	1	2	2	3	5
В	25-50	1	1	2	2	3	3	
Г	10-25	1	2	3	3	3	3	
Д	5-10	2	3	3	3	4	4	
Е	5 және одан кем	3	3	3	4	4	4	

Ескерту: Жүк қауырттылығын шамасының көрсеткіштері: сызықша алдында тұрғаны – қоспағанда, сызықшадан кейінгісі - қоса алғанда.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің



Б-Д	40	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар	15	80*	6	3Г4	270	270:18=15	К
Барлығы:	221								
Қабылдау-жөнелту және сұрыптау жолдары	40	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар		40		4		20	К
Станциялық, кірме және басқа жолдар	90	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар				5		25	К
БАРЛЫҒЫ:	351								

\* Ұлттық темір жол компаниясы бұйрығымен белгіленген жылдамдық

Ескертпе: 1-кестедегі цифрлар мысал ретінде келтірілген.

2-кесте


Басты жолдардың учаскелері мен №	Учаскенің ұзындығы, L, км	Жолдың үстіңгі құрылысының құрылымы	Жылына 1 км-ге: Г, млн. т-км	Vmax км/сағ*	Жолаушылар және қала маңындағы поездар саны	Жол сыныбы	f- жергілікті пайдалану шарттарын ескеретін коэффициент, (Жол шаруашылығын жүргізу ережесінің 2-кестесіне ескертпе)	УК немесе К үшін нормативтік кезеңділік		У арке жү ци
								Т, млн. т брутто	N, жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
А-Б1	45	Түйіспесіз жол, рельс Р 6 5 нығайтылған, балласт - шағылтас	35	100	35	2В3	1,1 (бөлуші қабатты төсеу)	700x1,1=770	770:35=22	(У У)
А-Б2	45	Түйіспесіз жол, рельс Р 6 5 нығайтылған, балласт - шағылтас	40	100	35	2В3	Сондай	700x1,1=770	770:40=19	Сс
Б-В1	34	Түйіспесіз жол, рельс Р 6 5	50	100	40	2В3	-	700	770:50=14	Сс

		нығайтылған, балласт - шағылтас								
Б-В2	34	Түйіспесіз жол, рельс Р 65 нығайтылған, балласт - шағылтас	60	100	40	1Б3	1,1 (бөлуші қабатты төсеу)	700x1,1 =770	770:60=13	(У
Б-Г	23	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас	26	100*	10	2В3	0,9 (көмір тиелетін жақын орындар)	600x0,9 =540	540:26=21 (	(У УІ
Б-Д	40	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар	15	80*	6	3Г4			18	КІ
Қорытындысы :	221									
Қабылдау- жөнелту және сұрыптау жолдары	40	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар		40		4			18	КІ
Станциялық, кірме және басқа жолдар	90	Буындық жол, рельс Р65, балласт - шағылтас ағаш шпалдар				5			40	КІ
БАРЛЫҒЫ:	351									

\*Ұлттық темір жол компаниясы бұйрығымен белгіленген жылдамдық  
Ескертпе: 2-кестедегі цифрлар мысал ретінде келтірілген.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің  
2011 жылғы 2 ақпандағы  
№ 42 бұйрығымен бекітілген  
Темір жолдарды сыныптау қағидасына  
3-қосымша

## Шартты жол дистанциясының схемасы



Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің  
2011 жылғы 2 ақпандағы  
№ 42 бұйрығымен бекітілген  
Темір жолдарды сыныптау қағидасына  
4-қосымша

## Есептеу жүргізу әдістемесі

Рельстің сипаттамасы	Күшейтілген күрделі жөндеу кезінде (аспайды, мм)	Жолды күрделі жөндеу кезінде (аспайды, мм/жол сыныбы)
Бүйірлік тозу	2	4/3 6/4, 5
Вертикальды тозу	3	6/3, 4, 5
Бастиектің майысуы + ұштарының салбырауы	2	2/3, 3/4, 5
Аралас рельстердің биіктігі бойынша айырмасы (түйіспедегі вертикальды басқыш)	1	2/3, 4, 5
Түйіспедегі горизонталь басқыш	1	1/3, 4, 5
Тоннельдер мен 12% тік созылмалы еністерде шпалдардың эпюрасы 2000 дана/км болуы тиіс Созылмалы еністерге ұзақтығы мынадай учаскелер жатады: 6 км және одан аса - еністік 12-ден 14% дейін; 4 км және одан аса - еністік 18-ден 20% дейін; 5 км және одан аса - еністік 15-тен 17% дейін; 2 км және одан аса - 20% аса еністіктерде.		